Балалармен жеке жұмыс	Медетқызы Кәусар, Дәуренұлы Дарын. берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен)	Әбілхан Амина. Әріптерді дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.	Марат Әмина Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратуға және атауға үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. (Өзіне-өзі қызмет ету)		

Серуен	Бақылау: Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау. Мақсаты: Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Құмырсқаны бақылау арқылы олардың шағатынын, еңбекқорлығын көруге үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) (еңбек әрекеті) Жеке жұмыс: Құмырсқа батыр, Қимылдап жатыр. Алды да ырғап, Көтерді бір қап. Құмырсқа қыстан, Шығады жырғап. Жалқауға күллі, Құмырсқа үлгі. (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Секіргіш бақалар» Мақсаты: Керілген жіптен секіре білуге үйрету. Еркін ойын: Мақсаты: Бір-бірімен қарым-қатынасын дамыту. (дене-қимыл белсенділігі)	Бақылау: Аула ағашы Мақсаты: ағаштар туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу. Мақсаты: өз еріктерімен еңбек етуге баулу. (еңбек әрекеті) Жеке жұмыс: «Бұл қай кезде болады» Ақ қар еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Аңшы мен үйрек» Мақсаты: Шапшаң болуға, епті болуға мергендікке тәрбиелеу. Еркін ойындар: Мақсаты: Бір-бірімен қарым-қатынасын дамыту. (дене-қимыл белсенділігі)	Бақылау Мақсаты: табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын жинау. Мақсаты: тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету . (еңбек әрекеті) Жеке жұмыс: «Көктем келді» Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. Келіп көктем құстары, Бау бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды. (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Соқыр теке» Мақсаты: Шапшаңдыққа баулу. Еркін ойын: Мақсаты: Бір-бірімен Қарым-қатынасын дамыту(дене-қимыл белсенділігі)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам сапқа тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топқа киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін қалыптастыру. (денебелсенділігі)		
Балалардың үйге қайтуы	Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттерде балалардың ерекшеліктерін айту.

Тексерілді :



Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы- «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы

Топ/ сынып - «Ботақан» ересек тобы

Балалардың жасы- 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 31.03- 04.04.2025 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 31.03.2025ж	Сейсенбі 01.04.2025ж	Сәрсенбі 02.04.2025ж	Бейсенбі 03.04.2025ж	Жұма 04.04.2025ж
Балаларды қабылдау.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен, күмбірлі күй әуенімен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Балаладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. (Сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балаларды өз қалпында қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме.	Ата –аналармен әңгіме: «Жолда жүру ережесін сақтау»
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Сиқырлы қорапша» Мақсаты: қорапшаны лақтырып қай сурет түссе соған қарап әңгімелеу, тақпақ айту (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Сөз ойла, тез ойла» Мақсаты:Берілген дыбыстарға сөздер құрау (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	Үстел үсті ойыны. «Мозаика». Мақсаты: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу. (танымдық дағдылар)	Еркін ойын: «Ертегі кейіпкерлерінің жұбын тап» Мақсаты: Балаларды «жұп» ұғымымен таныстыру. (көркем әдебиет, математика негіздері)	«Кім не жейді?» Мақсаты: Логикалық ойлауды,сөйлеуді дамыту (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Сәуір айына арналған Таңғы жаттығулар кешені. №1 (жалпы дамыту жаттығулары, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті. Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)	Аңдардың көктемгі тіршілігі Мақсаты: Аңдардың көктемгі тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Ұшып келген құстар туралы әңгімелесу. Мақсаты: Жылы жерге ұшып келген құстар туралы түсініктерін кеңейту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	"Даусыңа қарай ажырат" дыбыстық жаттығу. Мақсаты: Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру және жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу)	"Сиқырлы суреттер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. (математика негіздері)	Дидактикалық ойын. «Қайсысы қайда орналасқан?» Мақсаты: кеңістікте бағдарлау. Оң жақты және сол жақты ажырату. (математика негіздері)
Кестеге сәйкес ҰІӨ	Дене тәрбиесі Тақырыбы: 1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру Міндеті: 1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіруді, жалпы дамыту жаттығуларын орындауды қалыптастыру. Сәлемдесу. Сапқа тұру. 1.Жалпы дамыту жаттығулары 2.Бас пен мойынға арналған аттығуларды орындау 3.Қол мен иыққа арналған жаттығуларды орындау. 4.Бел мен аяққа арналған жаттығуларды орындау. 5.Негізгі қимыл жаттығулары; 1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру. Тыныс алу жаттығулары: Жұмбақ жасыру: Жаңбыр жауып басылды Аспан шайдай ашылды Қызыл, сары, жасылды Көкте бір зат асылды (кемпірқосақ)	Музыка Тақырыбы: Ақ қоян» Міндеті: Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. (музыка) Қазақ тілі «Мейірімді адамдар» Міндеті : Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуе, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуе мүмкіндік беру. Тақырыбы: «Сандар» әлемі. Мақсаты: Балалардың танымдық дағдыларын қалыптастырып, санның реттік таңбасын орнын есте сақтауға	Дене тәрбиесі Тақырыбы: оңға,солға бұрылу. Міндеті: Оңға,солға бұрылуға, жалпы дамыту жаттығуларын орындауды қалыптастыру. Сәлемдесу. Сапқа тұру. 1.Жалпы дамыту жаттығулары 2.Бас пен мойынға арналған аттығуларды орындау. 3.Қол мен иыққа арналған жаттығуларды орындау. 4.Бел мен аяққа арналған жаттығуларды орындау. 5.Негізгі қимыл жаттығулары; Оңға,солға бұрылу Тыныс алу жаттығулары. Қимылды ойын: «Түлкі мен қаздар»	Музыка Тақырыбы «Ре-си» Міндеті Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Тақырыбы: Құстар біздің досымыз. Міндеті: Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып, оларды күтіп баптауға,аялауға мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу. Әлеуметтік, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, физикалық қасиеттерін дамыту. Суретпен жұмыс:	Дене тәрбиесі Тақырыбы: Екі дөңгелекті велосипед тебу, Міндеті: Екі дөңгелекті велосипед тебуді үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын орындай білуге, төзімділікке тәрбиелеу. Сәлемдесу.Сапқа тұру. 1.Жалпы дамыту жаттығулары. 2.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығу. 3.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар. Негізгі қимыл жаттығулары: Екі дөңгелекті велосипед тебуді үйрету.

	Сұрақ-жауап; -Кемпірқосақ қай кезде шығады? -Қандай түстерге енеді? Балалармен жұмыс: Екі топқа бөлінеміз, 1-ші топ: Үлгіде берілген бойынша, кемпірқосақты мүсіндейміз, Ал 2-ші топ, кемпірқосақтың түстерін жапсыруға кірісеміз (мүсіндеу, жапсыру) «Күн мен жаңбыр» қимылды ойыны Мақсаты: Табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету. (музыка әуенімен, қимылды ойындар)	үйрету. Суретпен жұмыс: Суреттер бойынша заттардың қайсысы көп-аз екенін анықтау. Жұмбақ жасыру: Жеті бауыр туыспыз Атымыз өзге демесең Жұмған жұдырық уыспыз (Апта күндері) -Бір аптада неше күн бар? -Балабақшаға неше күн келеміз? -Неше күн демаламыз? -Бір күнде неше мезгіл бар? Логикалық жұмбақтар: Жан-жаққа кетті зымырап, Мысықтан қорыққан тышқадар. Қорапқа кірді біреуі, Соңынан кетті екеуі. Тығылды сонда нешеуі? Д.ойын: «Жалғасын тап» Мақсаты: сөздердің мағынасын ажырат, қазақ тіліне тән сөздеді қолдана білу. Мына суретте көктем мезгілі, көктемде не болмайды? (қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі)	Қаңқ-қаңқ қалың қаз Қашсаң пана табылмас Қулықты қой,қу түлкі Аузыңды жап әрі қаш (көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу,музыкалық ырғақты қимылдар)	«Келді көктем» Келді көктем қоңыр салқын желімен Келді көктем нұрын шашақан күнімен Келді көктем қызыл, жасыл гүлімен Келді көктем, әдемі құс үнімен Құстар жайлы диафильм тамашалау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) «Сан мен құсты сәйкестендіру» ойыны Құстар мен санды сәйкестендіреді. (математика негіздері) «Тез құрастыр» Пішіндерден құстарға ұя құрастыр. (құрастыру) «Құстарға жем шаш» (сурет салу) Ермексазбен жұмыс. (мүсіндеу) Жұмбақ жасыру. (көркем әдебиет) Қ.ойын: «Торғай ен мысық» (Музыкалық ырғақты қимылдар, дене қимыл)	Тыныс алу жаттығулары. Жарайсындар, балалар енді ойын ойнайық. Ойын: «Қай мезгіл» деп аталады. Мақсаты: шығармашылық қабілеттерін арттыру. Үлестірмелі материалдар таратылып беріледі, балалар жұмысқа кіріседі. (сурет салу/қоршаған ортамен таныстыру)
--	--	--	--	--	---

				бедсенділігі)	
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. (Қоршаған ортамен танысу)				
Серуен	Бақылау: «Маусымдық өзгерістер» Мақсаты: Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке үлкендерді, құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) Жеке жұмыс: «Табиғат қандай тамаша» жаттау. Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы,сөздік қорын дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру,	Бақылау: «Қайың ағашы» Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу. Мақсаты: өз еріктерімен еңбек етуге баулу. (еңбек әрекеті) Жеке жұмыс: «Бұл қай кезде болады» Ақ қар еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Аңшы мен үйрек» Мақсаты: Шапшаң болуға, епті болуға мергендікке тәрбиелеу. Еркін ойындар:	Бақылау: «Аула ағашы» Мақсаты: ағаштар туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу. Мақсаты: өз еріктерімен еңбек етуге баулу. (еңбек әрекеті) Жеке жұмыс: «Бұл қай кезде болады» Ақ қар еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Аңшы мен үйрек» Мақсаты: Шапшаң болуға, епті болуға мергендікке тәрбиелеу.	Бақылау: «Бұлттар» Мақсаты: Бұлттар туралы түсініктерін кеңейту (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) Жеке жұмыс: Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Үйсіз қоян» Мақсаты: Ойын ережесін бұзбай ойнауға тәрбиелеу. Еркін ойын: Балалардың өз бетінше ойыны. Мақсаты: Бір-бірімен	Бақылау: «Күнді бақылау» Мақсаты: күн жарқыраған кезде сыртта жылы болады деген түсінік қалыптастыру; қуанышты көңіл-күйді сақтау. (қоршаған ортамен таныстыру) -Табиғат дегеніміз не? Табиғат -жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктер мен жануарлардан тұратын қоршаған орта. Еңбек: Топ ауласын бұтақтардан тазалау. Мақсаты: Балаларды тазалыққа бейімдеу, еңбекке баулу. (Еңбек әрекеті) Қимылды ойын: "Жүгіріп қағып ал" Мақсаты: шапшаңдыққа баулу. Жеке жұмыс: Мақал мәтел: "Адамның табиғатсыз күні жоқ, Мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ" Балалардың қалауы бойынша еркін

	жылдамдықтарын дамыту. Еркін ойын: Мақсаты: Бір-бірімен қарым-қатынасын дамыту (дене-қимыл белсенділігі)	Мақсаты: Бір-бірімен қарым-қатынасын дамыту. (дене-қимыл белсенділігі)	(дене-қимыл белсенділігі)	қарым-қатынасын дамыту. (дене-қимыл белсенділігі)	ойындар. Мақсаты: Қарым-қатынасын дамыту. (дене қимыл белсенділігі)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам сапқа тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топқа киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін қалыптастыру. (денебелсенділігі)				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау. «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу». Балалардың дұрыс тамақтануларын қадағалау. Тамақ ішкенде сөйлемегуге үйрету. (мәдени гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін шешіп ұқыпты орындыққа жинап қояды үйрету. Өз төсек орнына жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. (өзіне-өзі қызмет ету),				
	«Аю, түлкі және қойшы» ертегісін айтып беру.	Күмбірлі күй тыңдау.	«Жаман дос» ертегісін айтып беру.	Қазақтың күйлерінен папурий тыңдату.	«Бай баласы мен жарлы баласы» ертегісін айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары.	Ұйқыашар жаттығулар кешені №1				
	Киімдерін реттілікпен кию. Түймелерін дұрыс қадауды үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет етуде дағдыларын, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қояды үйрету. (мәдени гигиеналық дағдылар)				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру. (мәдени гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	«Зерттеу жұмысы» Мақсаты: "ең жуан", "жіңішке" ұғымдарын жетілдіру. (математика негіздері) Сюжетті-рөлдік ойын. "сән салону". Мақсаты: Сұлулық салон қызметкерлерінің мамандықтары туралы	"Жыл басына таласқан хайуанаттар" ертегісін мәнерлеп оқу". Мақсаты: балаларды жабайы аңдардың бойындағы қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар	Жануарлардың көктемгі тіршілігіне қандай жағдайлар жасау керектігі туралы әңгімелесу. \қоршаған ортамен таныстыру\ Көктем бейнесін салу, ағаштарды жасау, көктемгі жапырақтардан	Тақырыбы: «Өз үйінді тап» Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, құрастыра білуге үйрету. (құрастыру) Ұлттық ойын «Көтермек» Мақсаты: Балаларды күшті болуға, ептелікке	«Бұл қашан болады» Мақсаты: Жыл мезгілдеріне байланысты суреттер көрсету арқылы сөздік қорларын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын:

	білімдерін кеңейту: Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	туралы ертегі жанры туралы ұғымдарын қалыптастыру. (көркем әдебиет,с өйлеуді дамыту)	жапсыру арқылы композиция жасау. \\жапсыру\\	баулу. (дене қимыл белсенділігі)	«Соқыр теке» Мақсаты:Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне көмектесуге үйрету. (дене қимыл белсенділігі)
Балалармен жеке жұмыс	Дулатқызы Азалия 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.	Дәуренұлы Дарын Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық таныту.	Жұмабай Хан «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.	Жантас Нұрым, Құралбай Мұхаммедәли Санау, ретімен қою бойынша ажыратуды үйрету.	Жақып Бекет Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын менгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, т.б
Серуенге дайындық	Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. Серуенге қызығушылықты арттыру. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. (Өзіне-өзі қызмет ету)				
Серуен	Бақылау: «Маусымдық өзгерістер» Мақсаты: Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке үлкендерді, құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) Жеке жұмыс: «Табиғат қандай тамаша»	Бақылау: «Қайың ағашы» Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу. Мақсаты: өз еріктерімен еңбек етуге баулу. (еңбек әрекеті) Жеке жұмыс: «Бұл қай кезде болады»	Бақылау: «Аула ағашы» Мақсаты: ағаштар туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу. Мақсаты: өз еріктерімен еңбек етуге баулу. (еңбек әрекеті) Жеке жұмыс:	Бақылау: «Бұлттар» Мақсаты: Бұлттар туралы түсініктерін кеңейту (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) Жеке жұмыс: Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» (көркем әдебиет) Қимылды ойын:	Бақылау: «Күнді бақылау» Мақсаты: күн жарқыраған кезде сыртта жылы болады деген түсінік қалыптастыру; қуанышты көңіл-күйді сақтау. (қоршаған ортамен таныстыру) -Табиғат дегеніміз не? Табиғат -жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктер мен жануарлардан тұратын қоршаған орта. Еңбек: Топ ауласын бұтақтардан тазалау. Мақсаты: Балаларды тазалыққа бейімдеу,

	жаттау. Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Еркін ойын: Мақсаты: Бір-бірімен қарым-қатынасын дамыту (дене-қимыл белсенділігі)	Ақ қар еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Аңшы мен үйрек» Мақсаты: Шапшаң болуға, епті болуға мергендікке тәрбиелеу. Еркін ойындар: Мақсаты: Бір-бірімен қарым-қатынасын дамыту. (дене-қимыл белсенділігі)	«Бұл қай кезде болады» Ақ қар еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Аңшы мен үйрек» Мақсаты: Шапшаң болуға, епті болуға мергендікке тәрбиелеу. (дене-қимыл белсенділігі)	«Үйсіз қоян» Мақсаты: Ойын ережесін бұзбай ойнауға тәрбиелеу. Еркін ойын: Балалардың өз бетінше ойыны. Мақсаты: Бір-бірімен қарым-қатынасын дамыту. (дене-қимыл белсенділігі)	еңбекке баулу. (Еңбек әрекеті) Қимылды ойын: "Жүгіріп қағып ал" Мақсаты: шапшаңдыққа баулу. Жеке жұмыс: Мақал мәтел: "Адамның табиғатсыз күні жоқ, Мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ" Балалардың қалауы бойынша еркін ойындар. Мақсаты: Қарым-қатынасын дамыту. (дене қимыл белсенділігі)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам сапқа тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топқа киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін қалыптастыру. (денебелсенділігі)				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың бүгінгі жүргізген жұмысы бойынша әңгімелесу.	Көктемгі табиғаттағы ағаштардың түрлері туралы әңгімелесу.	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	Баласымен бірлесе отырып жұмыс жасау, ойындар ойнау т.б туралы кеңес беру.	Демалыс күнді жақсы өткізуге тілек айту.

Тексерілді:



Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы- «Балдәурен» бөбекжай - бақшасы

Топ/ сынып - «Ботақан » ересек тобы

Балалардың жасы - 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 07- 11 сәуір 2025 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 07.04.2025ж	Сейсенбі 08.04.2025ж	Сәрсенбі 09.04.2025ж	Бейсенбі 10.04.2025ж	Жұма 11.04.2025ж
Балаларды қабылдау.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен, күмбірлі күй әуенімен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Балаладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. (Сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалағы, көңіл күйі туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балабақшаның күн тіртібін сақтау, ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналардың өтініші бойынша кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналармен баланың қалай ұйықтағаны, қандай көңіл-күймен оянғаны туралы әңгімелер.	Ата –аналармен әңгіме: «Қауіпсіздік ережелерін сақтау»
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	"Кітап бұрышы" Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қаблеттерін дамыту. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Тақырыбы: "Кім тапқыр?" Мақсаты: Суретте берілген бейнені дұрыс таба білуге дағдыландыру. Шарты: суретке қарап не бейнеленгенін айтады, соған байланысты мақал мәтел ойлап табу керек. Балалар кезек кезек шығады. Ағаш көркі - жапырақ. Бала - көңілдің гүлі, Көздің нұры. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	«Қуаныш шеңбері» (ойын-тренинг). Ыңғайлы отырыңыз. Бір-біріне бұрылыңыз. Көзіңізге қараңыз және бір-біріңізге күлкі сыйлаңыз. Көңіл-күйіңіз жақсы болсын	«Мейірімді жүрек» ойын Мақсаты: эмоционалды көңіл-күй сыйлау \Музыка \ Ойын: «Ойлан, тап, кімнің дауысы» Мақсаты: есту қабілетін дамыту, құрдастарының дауыстарын ажырата білу.	Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Мақсаты: балалардың сөздік қорларын дамыту. (қоршаған орта, сөйлеуді дамыту)

Ертеңгілік жаттығу	Сәуір айына арналған Таңғы жаттығулар кешені. №1 (жалпы дамыту жаттығулары, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті. Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ) Кестеге сәйкес ҰІӨ	Қимылды ойын: "Аттамақ" Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. (дене белсенділігі)	«Кірпі» артикуляциялық гимнастикасы Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту. Кірпі пысқырады (жоғарғы тіспен төменгі ерінді тістеу: ф-ф-ф), Кірпі алма жейді (кезекпен бетті томпайту), Кірпі жуынады (тілді айналдырып қозғалту), Кірпіге ұнайды, күлімдейді: и-и-и (ауызды ашып тісті көрсету), Кірпі шаршады, есінейді: а-а-а (ауызды кең ашу)	"Табиғат әлемі" Мақсаты: Сөздік қорын, сөйлеу қабілетін дамыту. (сөйлеуі дамыту)	Сөздік ойын. «Кім шапшаң» Мақсаты: Балалардың үй құстары, дала құстарын ажырата білуге білімдерін кеңейту. (қоршаған орта)	"Саяхатшы ойыншық" Мақсаты: Табиғат туралы білімдерін кеңейту. (Қоршаған орта)

	Дене тәрбиесі . "Оңға, солға бұрылу" Міндеті: оңға, солға бұрылуды үйрету. Сапқа тұру. Амандасу. Жалпы дамыту жаттығуларын орындау: 1.Бас пен мойынға арналған жаттығуларды орындау. 2.Қол мен иыққа арналған жаттығуларды орындау. 3.Бел мен аяққа арналған жаттығуларды орындау. Негізгі бөлім: "Оңға,солға бұрылу " Тыныс алу жаттығулары. Қимылды ойын: "Аю апаны" Мақсаты: қимыл қозғалысын дамыту. «Көңілді әуен» Мақсаты: ойын арқылы балаларға музыкалық ырғақтарды естірту. (Музыка) Балаларды қонақ күту дәстүрімен таныстыру. "Қонақ кәдеі", "сыбаға", бата беру,қонақты шығарып салу. Мақсаты: Үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті	Музыка «Көлікпен қыдырамыз» Міндеті: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Қазақ тілі «Көлікпен қыдырамыз» Міндеті:бейнелеу құралдарын қолдана отырып, сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу Отбасының гүліміз Көңілді өтер күніміз "Қайырлы таң"- деп айтамыз Бір болып кеште қайтамыз. " Уақытты бағдарлау» Мақсаты: Тәулік бөліктері:	Дене тәрбиесі "Жүгіру" Міндеті: 1-1,5 минут Ішінде баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Сапқа тұру. Амандасу. 1.Балалармен шеңбер бойлап жүру, жай жүру, жүрісті жылдамдату, жүрісті баяулата отырып тоқтау. 2.Ж. д.жат-ғуын орындау , бас пен мойынға арналған жаттығуларды орындау, қол мен иыққа арналған жаттығуларды орындау, бел мен аяққа арналған жаттығуларды орындау. Негізгі бөлім: "Жүгіру" Баяу қарқынмен жүгіру. . Тыныс алу жаттығулары. Қ.о."Мені ата" Мақсаты: ымдау және қимыл арқылы жануарлар бейнесін жасау қаблеттерін дамыту.(дене қимыл белсенділігі) Қағаздың парағын ортасынан бүктеп шиыршықтап, көлемді пішіндерге айналдыру. Мақсаты: композиция құрастыруға, "оргами" Үлгісі бойынша құрастыруды үйрету. (Құрастыру)	Музыка «Ай-ай, тентек қысым-ай!» Міндеті: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. "Оюлар әлемі" Міндеті:Қазақ халқының ұлттық оюлары туралы білімдерін кеңейту. Топқа бөлу: 1-топ: Ашық түстермен қағаз бетіне ою- өрнектер салады. 2-топ: Дайын қиылған ою - өрнектерді жапсырады. 3- топ: Ермексازдан ою- өрнек жасайды. (сурет салу,жапсыру, мүсіндеу) Д.ойын: "Оюларды орналастыр" Мақсаты:балалардың қол маторикасын дамыту.	Дене тәрбиесі "Велосипед тебу" . Міндеті: екі дөңгелекті велосипед тебуді үйрету, жатып екі аяқты кезек- кезек сермеу. Сапқа тұру. Амандасу. Қ.о."Кім жылдам" Мақсаты:жүгіру жылдамдығын дамыту,топтасып ойнауды үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын орындау. 1.Бас пен мойынға арналған жаттығуларды орындау. 2.Қол мен иыққа арналған жаттығулар. 3.Бел мен аяққа арналған жаттығуларды орындау. Негізгі бөлім: "Велосипед тебу" .Тыныс алу жаттығулары. (Музыка ырғағымен дене белсенділігі) Жануарлар әлемі. Мақсаты: Жануарлар әлеміндегі маусымға тән көрністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда
--	---	---	--	--	---

	сақтауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	(таңертең, күндіз, кеш, , түн) оларды сипаттау. "Түн мен күн" ойыны. Мақсаты: тәулікті ажырата білуге үйрету, тапқырлыққа тәрбиелеу. (математика негіздері)			болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы туралы түсінік беру. (қоршаған орта)
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. (Қоршаған ортамен танысу)				
Серуен	Желді бақылау. Мақсаты: Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Еңбек Ауланы жинау Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. Қимылды ойын "Пойыз" Мақсаты . Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді	Су тамшыларын бақылау. Мақсаты: Температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау. Жеке жұмыс Тақпақ көктем туралы Бақшаларға гүл егіп, Жемістерді тереміз. Дала жасыл түске еніп, Көктем мезгілі келіпті. Мақсаты: мұқият тындауға, табиғаттағы өзгерістерді айту. Еңбек «Шыбықтарды жинау» Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аяғынды сулама» Мақсаты: кедергіден секіріп өте білу, шашыраңқы жүгіре білу	Аспанды бақылау. Мақсаты: Балалардың аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. Еңбек Жолдарды қоқыстардан тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету. Қимылды ойын "Ұшақтар" Мақсаты: Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, ойын ережелерін сақтау зеректікке,	Бұршақты бақылау Мақсаты: бұршақ түсінігімен таныстыру. Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру, есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру. Еңбек Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, еңбек нәтижесіне қуануға үйрету. Қимылды ойын «Қуып жет» Мақсаты: ойын шарттарын сақтап ойнау. Жеке жұмыс Допты лақтыру.	Күнді бақылау Мақсаты күн адамдарға, тірі табиғатқа өте пайдалы екенін айту. Еңбек Жер қазу жұмыстарына қатысу. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Үйсіз қоян» Мақсаты: бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету. Жеке жұмыс Мен жарқырап төбеде Нұрын төгіп тұрамын. Шуақ шашып бәріңе! Бала жанын ұғамын! Еркін ойын

	үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту. Жеке жұмыс Бүршік шашып, жапырақ ашып, Даланы гүлдер басады. Сұлу көктем есігін ашып, Шуағын бізге шашады. Мақсаты: тілдерін дамыту, сөздік қорын молайту. Еркін ойындар	дағдыларын бекіту. Еркін ойын	шапшаңдыққа баулу. Жеке жұмыс Көктем мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: Сұрақтар қоя отырып, көргендерін айтып беруге үйрету. Еркін ойын	Мақсаты допты лақтыруды үйрету. Еркін ойын	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам сапқа тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.Топқа киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін қалыптастыру. (денебелсенділігі)				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау. «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу». Балалардың дұрыс тамақтануларын қадағалау. Тамақ ішкенде сөйлемеуге үйрету. (мәдени гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету,еңбек әрекеті) Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз .(сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін шешіп ұқыпты орындыққа жинап қоюды үйрету. Өз төсек орнына жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. (өзіне-өзі қызмет ету),				
	«Түлкі мен тырна» ертегісін айтып беру.	Күмбірлі күй әуенін тыңдау.	Баяу музыка тыңдау.	Күй әуенін тыңдату.	«Сараң қонжық» ертегісін айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары.	Ұйқыашар жаттығулар кешені №1				
	Киімдерін реттілікпен кию. Түймелерін дұрыс қадауды үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету.(өзіне-өзі қызмет етудәғдыларын, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени гигиеналық дағдылар)				

Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру. (мәдени гигиеналық дағдылар,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Ертегі елінде. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр». Мақсаты:Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге,жаман нәрселерден аулақ болуға, жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу. Ұлттық ойын: «Соқыр теке» ойыны. Мақсаты:Балаларды ептілікке баулу. (дене қимыл белсенділігі)	Құрылыс» сюжеттік-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың тәжірибесін байыту; ойын дағдыларын дамыту; ойындағы балалардың тәуелсіздігі мен шығармашылығын тәрбиелеу.	Сюжетті ойын "Пошта" Мақсаты: қызмет көрсету орталығының қалай Жұмыс жасайтынын көрсету, үйрету. (Сөйлеуді дамыту) Ұлттық ойын «Түйілген орамал» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептелікке баулу. (дене қимыл белсенділігі)	Воскобовичтің «Ғажайып крест» ойындары. Мақсаты: геометриялық фигураларды тану және ажырату қабілеттерін қалыптастыру. Lego конструкторымен ойындар	"Өзім жасай аламын" Мақсаты: Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой қиялын дамыту, қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру. Ұлттық ойын: "Ханталапай» Мақсаты:Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне көмектесуге үйретеді. (дене қимыл белсенділігі)
Балалармен жеке жұмыс	Шырынбек Нұрали әріптерді дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.	Ахметбек Алихан Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастыру	Махмудова Сакина Битұрсын Алуа қаламсапты дұрыстап ұстап үйрету.	Аваз Марьям , Медетқызы Кәусар «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды үйретуді жалғастыру.	Бердібек Бексұлтан Балаларға мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру (Өзіне-өзі қызмет ету)				
Серуен	Желді бақылау. Мақсаты: Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Еңбек Ауланы жинау Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп,	Су тамшыларын бақылау. Мақсаты: Температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау. Жеке жұмыс Тақпақ көктем туралы Бақшаларға гүл егіп, Жемістерді тереміз. Дала жасыл түске еніп,	Аспанды бақылау. Мақсаты: Балалардың аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.	Бұршақты бақылау Мақсаты: бұршақ түсінігімен таныстыру.Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру, есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру. Еңбек Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу. Мақсаты: бірлесе жұмыс	Күнді бақылау Мақсаты күн адамдарға, тірі табиғатқа өте пайдалы екенін айту. Еңбек Жер қазу жұмыстарына қатысу. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын

	қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. Қимылды ойын "Пойыз" Мақсаты . Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту. Жеке жұмыс Бұршік шашып, жапырақ ашып, Даланы гүлдер басады. Сұлу көктем есігін ашып, Шуағын бізге шашады. Мақсаты: тілдерін дамыту, сөздік қорын молайту. Еркін ойындар	Көктем мезгілі келіпті. Мақсаты: мұқият тындауға, табиғаттағы өзгерістерді айту. Еңбек «Шыбықтарды жинау» Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аяғынды сулама» Мақсаты: кедергіден секіріп өте білу, шашыраңқы жүгіре білу дағдыларын бекіту. Еркін ойын	Еңбек Жолдарды қоқыстардан тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету. Қимылды ойын "Ұшақтар" Мақсаты: Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, ойын ережелерін сақтау зеректікке, шапшаңдыққа баулу. Жеке жұмыс Көктем мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: Сұрақтар қоя отырып, көргендерін айтып беруге үйрету. Еркін ойын	істеуге, бастаған істі аяқтауға, еңбек нәтижесіне қуануға үйрету. Қимылды ойын «Қуып жет» Мақсаты: ойын шарттарын сақтап ойнау. Жеке жұмыс Допты лақтыру. Мақсаты допты лақтыруды үйрету. Еркін ойын	«Үйсіз қоян» Мақсаты: бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету. Жеке жұмыс Мен жарқырап төбеде Нұрын төгіп тұрамын. Шуақ шашып бәріңе! Бала жанын ұғамын! Еркін ойын
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам сапқа тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топқа киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін қалыптастыру. (денебелсенділігі)				
Балалардың үйге қайтуы	Ата- анамен баланың тамақтануы жайлы кеңесу.	Психологтың кеңесі:"Баланың кез келген қалауын орындауға асықпаңыз".	Балалардың жұмыстарымен таныстыру. Жетістіктерін мадақтау арқылы жеткізу.	Балалардың үйге сұрануы мен қоштасуын қадағалау.	Ата- аналармен әңгімелесу. Балалардың жақсы қасиеттерін айту. Балаларды көңілді шығарып салу.

Тексерілді :



Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы - «Балдәурен» бөбекжай- бақшасы

Топ/ сынып - «Ботақан» ересек тобы

Балалардың жасы- 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 14-18 сәуір2025 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 14.04.2025ж	Сейсенбі 15.04.2025ж	Сәрсенбі 16.04.2025ж	Бейсенбі 17.04.2025ж	Жұма 18.04.2025ж
Балаларды қабылдау.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен, күмбірлі күй әуенімен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Балаладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау.баланы жеке пікірін білдіруге тарту. (Сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы, денсаулығы жөнінде.	Ата-аналармен әңгіме: Ата - аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналардың өтініші бойынша кеңес беру.	Ата –аналармен әңгіме: «Дәрумендердің пайдасы» туралы кеңес.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсаты: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету. (еңбек дағдылары)	Топтағы тәртіп: Орындықтарды орындарына қою Мақсаты:Тазалық-қа,ұқыптылыққа баулу. (еңбек дағдылары)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп» (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсаты: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда ынтымақта еңбек етуге үйрету.	Үстел үсті ойыны. «Мозаика». Мақсаты: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлықа баулу. (танымдық дағдылар)	"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны. Мақсат: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды, жатады. Көбелек - ұшады,

			(еңбек дағдылары)		қонады, жүреді, отырады. т.б (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Сәуір айына арналған Таңғы жаттығулар кешені. №2 (жалпы дамыту жаттығулары, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдылар,өзіне өзі қызмет ету.кезекшілердің еңбек әрекеті. Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою). Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)	Аңдардың көктемгі тіршілігі Мақсаты: Аңдардың көктемгі тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Ұшып келген құстар туралы әңгімелесу. Мақсаты: Жылы жерге ұшып келген құстар туралы түсініктерін кеңейту (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	"Даусыңа қарай ажырат" дыбыстық жаттығу. Мақсаты: Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру және жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу)	"Сиқырлы суреттер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. (математика негіздері)	Дидактикалық ойын. «Қайсысы қайда орналасқан?» Мақсаты: кеңістікте бағдарлау. Оң жақты және сол жақты ажырату. (математика негіздері)
Кестеге сәйкес ҰІӨ	Дене тәрбиесі Тақырыбы: Доп Міндеті: үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту Сәлемдесу. Сапқа тұру. 1.Жалпы дамыту жаттығулары. 2.Бас пен мойынға арналған аттығуларды орындау. 3.Қол мен иыққа арналған жаттығуларды орындау. 4.Бел мен аяққа арналған жаттығуларды орындау. 5.Негізгі қимыл	Музыка «Тауып ата» Міндеті: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдап қандай музыкалық шығармалары екенін айтуға және қабылдауды дамыту. Қазақ тілі «Ормандағы жануар» Міндеті: Жануарлардың, атауларын білдіретін	Дене тәрбиесі Тақырыбы «Қағып ал» Міндеті: екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Сәлемдесу. Сапқа тұру. 1.Жалпы дамыту жаттығулары. 2.Бас пен мойынға арналған аттығуларды орындау. 3.Қол мен иыққа арналған жаттығуларды орындау 4.Бел мен аяққа арналған жаттығуларды	Музыка «Қысқы әуен» Міндеті: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту Тақырыбы: «Жануарлар әлемі» Міндеті: Жануарлар туралы білімдерін	Дене тәрбиесі Тақырыбы: Жүгір. Міндеті: орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып 40-50 метрге жүгіру. Жалпы дамыту жаттығуларын орындай білуге, төзімділікке тәрбиелеу. Сәлемдесу. Сапқа тұру. 1.Жалпы дамыту жаттығулары.

	жаттығулары; Секіргішпен секіру. Тыныс алу жаттығулары: Жұмбақ жасыру: Ағаштан ағашқа секіреді, Жеміс жеп жетіледі. -Дұрыс айтасындар, маймыл екен. (көркем әдебиет) -Айтындаршы маймылдың құйрығы қандай? (ұзын) (математика негіздері) -Нені жақсы көреді? (бананды) Олай болса, маймылдың сүйікті асын екі топқа бөлініп, дайындап берейік (мүсіндеу, жапсыру) «Маймылдар» қимылды ойыны Мақсаты: Маймылдарша өрмелеуге үйрету. (музыкалық қимылды ойындар)	сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. «Ормандағы аю» қимылды ойыны Мақсаты: жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Аю жүрген орманнан Жидек тере мен барғам Аю отыр гүрілдеп Жарамайды мұның,- деп (қимыл-қозғалыс ойыны) Тақырыбы: Құстар туралы жұмбақтар Мақсаты: жұмбақтар шешкізу. (көркем әдебиет) Тақырыбы: «Құс» Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігіне, қызығушылықты дамыту. (Сурет салу)	орындау. 5.Негізгі қимыл жаттығулары. 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру. Тыныс алу жаттығулары Қ.ойын: «Көжектер мен түлкілер» Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа баулу. Көжектерім тұршы, Беттеріңді жушы. Ну орманға барайық, Тамақтанып алайық Қаш: Жалаңдаған қу түлкі, Келіп қалыпты орманға. Көжектерің қайда деп, Қуып келді соңымнан. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, музыкалық ырғақты қимылдар)	кеңейту. Жануарлардың табиғаттағы ролі мен маңызы жөнінде түсінік беру. Суретпен жұмыс: «Жануарлар» -Жануарлар үй және жабайы болып екіге бөлінеді. -Үй жануарларын атайық? -Жабайы жануарларды атаңдар? (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Жұмбақтар жасыру 1.Кішкене ғана бойы бар, Айналдыра киген тоны бар. 2.Тарғыл, тарғыл тас па, Тастан бірақ басқа Мекені қамыста Бұл саған таныс па? «Адасқан жануарлар» ойыны Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратып, өз	2.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығу: 3.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар. Негізгі қимыл жаттығулары;Бір орыннан ұзындыққа секіру. Тыныс алу жаттығулары: Жарайсындар,балалар енді ойын ойнайық. Ойын: «Орнын тап және ата» деп аталады. Мақсаты: шығармашылық қабілеттерін арттыру. Үлестірмелі материалдар таратылып беріледі, балалар жұмысқа кіріседі. (сурет салу/қоршаған ортамен таныстыру)
--	--	--	---	---	--

				мекендеріне орналастыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу). «Сүйікті жануарым» Мозайка әдісі. (құрастыру, сурет салу)	
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. (Қоршаған ортамен танысу)				
